



Бекітемін  
Директор:

*З.Бектембаева*

З.Бектембаева

08

2022ж

Әдістемелік кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

*Әдістемелік кеңес төмендегі мақсаттарды көздейді:*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңды және «Білім» мемлекеттік бағдарламасын, ҚР Үкіметінің Білім мәселелері жөніндегі құжаттарын орындау жолында білімге және ғылымға деген оқушылардың ынтасын арттыру, патриоттық тәрбиені дамыту
2. Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында оқушылардың білімді шығармашылықпен қолдануы, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын орындау, АКТ қолдану, тілдік дағдылармен бірге қарым – қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану, жеке және топпен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы, зияткерлік, дене дамуын, олардың білімді игеруге дайындығын қамтамасыз ету, оқу әрекетін меңгеру үшін балада тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру
4. Ғылым негіздерін оқытуда оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізуге және кеңінен пайдалануға толық мүмкіндік жасау  
Оқушылардың шығармашылығын дамытуға арналған ғылыми жобаларға, олимпиадаларға, түрлі деңгейдегі конкурс, сайыстарға дайындалуға жағдай жасап, дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс түрлерін жетілдіру арқылы бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыру
5. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кешенді тәрбие бағдарламасының барлық тарауларын жүзеге асыру
6. Жас мұғалімдер мектебі жұмысын жан-жақты шығармашылықпен ұйымдастырып кадрлардың теориялық және методикалық дайындығын арттыру.
7. «Өрлеу» республикалық және облыстық мұғалімдер білім жетілдіру және қайта даярлау институттары жанындағы курстарға, Латын әліпбиіне көшу туралы елбасы бастамалары, ПШО деңгейлік курстарға мектеп мұғалімдерінің жүйелі қатысуын қамтамасыз ету
8. Мектепте шығармашылық бағытта түрлі конкурстар, сайыстар өткізу арқылы шығармашылықпен жұмыс жасайтын үздік мұғалімдерді анықтау.
9. Мектепте пән кабинеттерінің жабдықталуын және оның толық мәнінде жұмыс жасауын ұйымдастыру
10. Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасап, заманауи тәсілдерді насихаттап, тәлімгерлік етуін қамтамасыз ету
11. Коучингтер, тренингтер өткізу арқылы сындарлы оқыту теориясының маңыздылығын таныту
12. Озық педагогикалық – психологиялық әдістерді пайдалана отырып, қазақ халқының әдет-ғұрып, дәстүрі, мәдениеті арқылы оқушылардың ұлттық сана- сезімін қалыптастыруды жетілдіру



## Әдістемелік кеңестің №1 хаттамасы

Тамыз, 2022 жыл

Қатысқандары:

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға талдау, қорытынды. Алдағы оқу жылындағы жасалатын жұмыстарды анықтау, ӘБ жоспарларын бекітуге ұсыну
- 2.Әдістемелік кеңес құрамын анықтау, бекітуге ұсыну
- 3.Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау
- 4.Бірлестік жетекшісін тағайындау және бұйрықпен бекіту
- 5.Педагогтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарының мемлекеттік стандартқа сәйкестігі, талапқа сай жазылуы

Тындалды:

Әдістемелік кеңес жетекшісі А.Нураханова өткен оқу жылының әдістемелік жұмысының қорытындысын оқыды. Мектептегі әдістемелік жұмыс өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында педагогтердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық жоспарлары жаңа оқу жылына бекітілді.

Әдістемелік кеңес құрамын анықтау, бекітуге ұсыну бойынша тағайындалған бірлестік жетекшілері

- 1) Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі – Оралбаева Нұржамал
- 2) Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі – Құлман Кенжегүл
- 3) Салауатты пәндер бірлестігінің жетекшісі – Рахметова Эльвира
- 4) Бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі – Алибаева Лаззат
- 5) Техникалық пәндер бірлестігінің жетекшісі-Андабаева Нургул

Аталған кеңес мүшелерін бекіте отырып алдағы оқу жылына сәттілік тілеймін.

Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау мәселесі бойынша Нураханова Айжан: сіздерден түскен ұсыныстар мен 160 бұйрыққа сәйкес биылғы оқу жылында жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып отыр. Биылғы оқу жылында сегіз жас маман бар. Жас мамандар қатарында бала күтіменен шыққан еңбек өтілдері бес жылға жеткен педагогтердіде қосып отырмыз.

Ж.Ақоразова: Педагогтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарының мемлекеттік стандартқа сәйкестігі, вариативті бөлімдер бойынша бағдарламалардың жағдайы, талапқа сай деп қорытындылаймын.

Шешімі:

- 1.Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысы жақсы деңгейде деп есептелсін.
- 2.Әдістемелік кеңес құрамы бекітілсін
- 3.Жаңа оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін;
- 4.Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалсын
- 5.Бірлестік жетекшісі бұйрықпен бекітілсін

Төрайымы:  
Хатшы:



А.Нураханова  
Ж.Күмісбай